

"Ақсу қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2015 жылғы 19 тамыздағы № 675/8 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 18 қыркүйекте № 4713 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 2017 жылғы 13 қазандағы № 644/24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ақсу қалалық әкімдігінің 13.10.2017 № 644/24 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы “Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Заңына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы “Мемлекеттік мүлік туралы” Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы “Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы” № 410 Жарлығына сәйкес Ақсу қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі туралы Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің қадағалайтын орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Қ. Нүкенов

Ақсу қаласы
әкімдігінің 2015 жылғы
19 тамыздағы № 675/8
қаулысымен
бекітілді

"Ақсу қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі, Ақсу қаласының аумағында құрылыс саласындағы басым бағыттарды іске асыратын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық үлгісіндегі заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өзінің атынан түседі.

6. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынас тарапы болуға құқығы бар.

7. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселесі бойынша заңда белгіленген тәртіпте “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған басқа да актілермен ресімделген шешімдерді қабылдайды.

8. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, 140100, Ақсу қаласы, Астана көшесі, 52.

10. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі: жұмыс күндері: дүйсенбі – жұма, жұмыс уақыты сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі, жексенбі.

11. Мемлекеттік органның мемлекеттік тілдегі толық атауы: “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі, орыс тілінде: государственное учреждение “Отдел строительства города Ақсу”;

12. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Павлодар облысы Ақсу қаласының әкімдігі тұлғасында мемлекет болып табылады.

13. Осы Ереже “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылтайшылық құжаты болып табылады.

14. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

15. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметі болып табылатын міндеттерді орындауда келісімшарт қатынастарына енуге рұқсат етілмейді.

Егер де “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. "Ақсу қаласының құрылыс бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің миссиясы, мақсаты, қызметінің мәні, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

16. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің миссиясы: Ақсу қаласының аумағында құрылыс саласындағы басым бағыттарды жүзеге асырады.

17. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің мақсаты құрылыс саласындағы саясатты іске асыру болып табылады.

18. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі қызметінің мәні құрылыстың дамуына қолдау көрсету және үйлестіру болып табылады.

19. Міндеттері:

Ақсу қаласының аумағындағы құрылысты үйлестіруді, мониторинг жүргізуді ұйымдастыру;

Ақсу қаласының аумағындағы құрылыс және қайта жаңғырту саласындағы мемлекеттік бағадарламаларды іске асыру.

20. Функциялары:

мемлекеттік сатып алу саласында бірыңғай ұйымдастырушысы функцияларды:

Ақсу қаласының аумағындағы құрылыс және коммуналдық меншік объектілердің күрделі жөндеуі (оның ішінде әлеуметтік-мәдени, тұрғын үй-коммуналды шаруашылық және тұрғын үй беру);

бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылатын қала аумағында мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй салу;

бюджеттік қаражат есебінен жүзеге асырылатын, ауылдық жерлердегі сумен жабдықтау жүйелерін салу және қайта жаңарту;

объектердің құрылысына мердігерлік жұмыстарды мемлекеттік сатып алу бойынша шарт жасау;

құрылыстарды, үйлерді, ғимараттарды, инженерлік және көлік коммуникацияларын салу (кеңейту, техникамен қайта жарақтандыру, жаңғырту, реконструкциялау, қалпына келтіру және күрделі жөндеу) туралы ұсыныстарды қала әкімдігіне енгізу;

салынып жатқан (салынуы белгіленген) объектілер мен кешендердің мониторингін жүргізу;

Қазақстан Республикасының заңнамасында ескерілген, өкілеттік шегінде, басқа да функцияларды жүзеге асыру.

21. Құқықтары мен міндеттері:

“Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құқығы:

1) “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын сұрақтар бойынша қажетті ақпаратты, мемлекеттік мекемелерден, басқа ұйымдардан және азаматтардан сұрау және алу;

2) “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелері жөнінде қала әкімдігі және қала әкімінің нормативтік-құқықтық және құқықтық актілері жобаларын әзірлеуге;

3) мемлекеттік органдарда, сотта “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіруге;

4) өз құзыреті шегінде келісім шарттар, келісімдер жасасуға құқығы бар.

“Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі осы Ережемен көзделген өкілеттіктерді іске асыру үшін:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңнамасын сақтауға;

2) азаматтардың және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтауға және қорғауды қамтамасыз етуге, азаматтардың өтініштерін белгіленген тәртіпте және мерзімде қарастыруға, олар бойынша қажетті шаралар қолдануға;

3) “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесіне берілген құқықтары шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік меншіктің сақталуын, сеніп берілген мемлекеттік меншікті қызметтік мақсаттарға ғана пайдалануды қамтамасыз етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру және өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

3. "Ақсу қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін ұйымдастыру

22. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесіне басшылықты “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

23. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Ақсу қаласының әкімі лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

24. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттігі:

1) “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің өкілеттіктерін және міндеттерін белгілейді;

2) қолданыстағы заңнамаға сәйкес “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін ынталандыруды, оларға материалдық көмек көрсетуді, тәртіптік жаза қолдануды жүзеге асырады;

4) бөлімнің іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлері бойынша “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;

5) өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің барлық қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесін ұсынады;

7) “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің құрылымын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

8) “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің перспективті және ағымдағы жұмыс жоспарларын бекітеді;

шарт жасайды;

сенімхат береді;

11) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етеді және ол үшін дербес жауапты болады;

12) азаматтардың жеке қабылдауын жүргізеді;

13) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өкілеттігі шегінде басқа міндеттерді жүзеге асырады.

“Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін атқаруды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

25. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі қалалық коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілетті, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

26. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі және қаланың жергілікті атқарушы органы арасындағы өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

27. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің басшысы мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

4. "Ақсу қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі

28. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі заңнамамен қарастырылған жағдайларда жедел басқару құқығында жекеленген мүлкі болуы мүмкін.

“Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесімен табысталған мүлік, сондай-ақ жеке қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

29. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесімен бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

30. Егер де заңнамада өзгеше көзделмесе, “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де әдіспен иелік етуге құқығы жоқ.

5. "Ақсу қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату)

31. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және қысқарту (тарату) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

32. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесі таратылған кезде несиегерлердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік коммуналдық меншікте қалады.

6. "Ақсу қаласының құрылыс бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізуіндегі ұйымдар тізімі

33. “Ақсу қаласының құрылыс бөлімі” мемлекеттік мекемесінің иелігінде ұйымдар жоқ.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК